

Отбасылық дәрігер (жалпы практика дәрігері) – медицинаның әртүрлі салаларында терең ғылыми білімі мен практикалық тәжірибесі бар маман. Ол -терапевт, гастроэнтеролог, хирург, ортопед, ЛОР дәрігері, тіпті педиатр мен гинеколог. Отбасылық дәрігер бүкіл отбасы мүшелерінің денсаулығын бақылап, емдей алады.

ІМС отбасылық медицина клиникасында Еуропа мен АҚШ-тың үздік медициналық орталықтарында оқып, ерекше дайындықтан өткен, үлкен тәжірибесі бар білікті мамандар еңбек етеді.

Отбасылық дәрігерге қаралғаннан кейін көп жағдайда басқа нақты саладағы маманға барудың қажеті болмайды, өйткені оның кәсіби дайындығы көптеген аурулар мен патологиялық жағдайларды дұрыс диагностикалауға және емдеуге мүмкіндік береді. Тек күрделі немесе даулы жағдайларда ғана отбасылық дәрігер емдеу жоспарын бірлесіп әзірлеу үшін тиісті мамандарға жіберіп, ақыл кеңісіне жүгінеді. Бүкіл терапиялық процесті өзі бақылауды жалғастырып, пациент үшін толық жауапкершілікті мойнына алады.

Отбасылық дәрігердің қызмет аясына мыналар кіреді:

- әртүрлі ауруларды диагностикалау және емдеу;
- вакцинация және профилактикалық тексерулер жүргізу;
- созылмалы аурулардың дамуының қауіп факторларын анықтау;
- салауатты өмір салты мен рационалды тамақтану бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- барлық қажетті медициналық құжаттарды ресімдеу.

Біздің клиниканың отбасылық дәрігерлері ауруларды диагностикалау мен емдеуде барлық халықаралық стандарттарды қатаң сақтайды және қажетсіз немесе тиімсіз диагностика мен емдеу процедураларын жасамайды. Біздің клиника жүгіне отырып, сіз дәлелді принциптерге сәйкес дененің барлық ерекшеліктері мен аурулардың сипатын ескере отырып таңдалған жоғары деңгейдегі ем алатыныңызға толық сенімді бола аласыз.